

Өткен ғасырдың 57-ші жылының жазы еді. Он сегізге енді іліккен шағым. Ұлытауды да алғаш көріп, тамсанған кез. Ұлытаудан жиырма-отыз шақырым Ешкіөлмес деген жерде біраз болуға тура келді. Сол жерден Құрман деген дос таптым (сол достығымыз әлі үзілген жоқ). Құрманның әкесі Молда Ысқақ, неге екені белгісіз, маған сенім артып, 1931 жылғы көтеріліс туралы әңгіме шертіп еді. Сол сенімін ақтай алдым ба екен?

Ешкіөлместе Жақсылық атты завхоздың үйіне барып, қымыз ішіп тұратын едік. Жақсылықтың қарындасы Орынкүл мен қалмақ қызы Санжиева тіл үйірген қымызды кезек сапырып, ағаш тостағандарды босатпайды. Сондай отырыстың бірінде, дембелше келген, қараторы жігіт өрімі жуан тобылғы сапты қамшысын бүктей ұстап, сәлем бере кірген. Ағынан қарасы көп көзінде ұшқынбар, өзіміз қатарлы жігіттің жүзі аса жылы еді. Ығысып, төрден орын бердік. Жігіт әңгімешіл екен, есімі - Кенжебек. Әңгімеден құр қалмайтын отағасы Жақсылықтан Ешкіөлмес асбесінің талшығын ұршыққа иіріп, шекпен тоқып киген Жайлаубай Кеңесұлы туралы естідік.

Кенжебектің өрімі жып-жылмағай жылан сырт қамшысын тамашалап, қолдан-қолға өткіздік. Қамшының алақанын да әдемілеп келтіріп, шашақтап, бүлдіргісін өріп-өрнектеп, тобылғы саптың үстінің әр жеріне шашақпен түймелеп, сәндеп бағыпты.

Сөйтіп отырғанда Кенжебек қалтасынан қарындаштан сәл жуан, ұзындығы он сантиметрдей алты

АБЫЛАЙДЫҢ «АЛТЫ АҒАШЫ»


ағашты алды да, бірін-біріне керттіктерін қиыстыра сұғыстырып бізге ұсынды. Әуелі қолына алған Нұра аудандық Жолдыбай Төлеуов деген досым.

- Бұл не? - деп сұраған.

- Мен қиыстырдым ғой, енді ажыратып көрші, - деген Кенжебек күлімсіреп.

Жолдыбай біраз әуреленді. Алты ағашты кезек-кезек жұлқылады, мән шықпады. Жақсылық алып, ажырата алмай Құрманға ұсынды. Қолы түгілі, тісін жұмсаған Құрман әбден терлеп, «мынау не керемет?!» деп тоқтаған. Орынкүл мен Санжиева да құр қалмады. Соңғы кезек маған келген. Күштедім болмады, қиысын табуға тырыстым, көнбеді. Бір-біріне сызатсыз жымдасқан алты ағаштың керттіктері көзге ілінбеді. Ұзақ әуреленіп, болдырып барып мен де қойып, Кенжебектің өзіне ұсындым.

Кенжебектің бас бармағы алты ағаштың біреуін сырғытып жібергендей көрінді де, бәрі бөлініп



бөлініп шыға келді.

- Әй мұны қайдан алдың? - деп сұрады Жақсылық.

Маған Оқап Жұмабекұлы жасап берді. Абылайдың «Алты ағашы» осы екен, - деп күлімсіреген

Кенжебек.

Иә, Абылайдың «Алты ағашымен» алғаш рет осылай кезіккен едім.

Аңыз ғой, Абылай қапылыста дұшпанның қолына түскен дейді. Күзет мықты, қашуға жол жоқ, ұзақ

жатса керек. Бір жолы Абылай өзін күзеткен қалмақ шалына бір жаман бата айтшы деп сұрапты. Сонда күзетші «Өзің білме, білгеннің тілін алма», деген екен. Абылай қапастан құтылудың амалын ұзақ ойласа керек. Сонан қалмақ ханына шарт қойыпты. «Мен бір жұмбақ айтамын. Осыны шешсеңдер, мен тұтқын болып қала беремін, шеше алмасаң, босатуға келіс», - депті. «Біз де ел емеспіз бе, бір қазақтың жұмбағын шешерміз», - деп қалмақ ханы келіскен екен. Хан қалмақ елінің бар білгіш, жақсы-жайсаңын жинап, Абылайды алдырып:

- Айт жұмбағынды, - десе керек.

Сонда Абылай қиюын білдірмей жымдастырған осы сынық сүйемдей алты ағашты қолына беріп, сындырмай, бүлдірмей ажыратуын талап етеді. Қалмақтың бар жақсысы, данасы, күпінген-ісінгені кезек-кезек қолға алып, бір түс арпалысып, шешуін таппаса керек. Талабы орындалған Абылай осылай босаған екен (енді біреулер қазақтың бір топ азаматын босатқан) деседі.

Ұзақ жылдар осы Абылайдың «Алты ағашы» естен кетпеді. Қалам ұстағанның біразына айтып көрдім. Ақын - өлеңнен аспады, прозашы оған қадам баспады. Сонан 47 жыл өткен соң Құрман досымды іздеп барғанмын. Жанымда Мағзұмбек редактор, музей бастығы Сейітжан. Абылайдың «Алты ағашын» тағы сөз еттім. «Кенжебек менің інім ғой, алты ағашты ұстап жүретін, өзі қайтыс болды», - дейді Сейітжан. Абылайдың жұмбақ ағашы кімнің қолында кеткені белгісіз. Ендігі өскен жұрт бұл туралы естімепті де.

Орталық Қазақстан.-2010.- 5 қаңтар.- 4 б.

Біраз сұрастырып көріп едім, ақсақал дегендердің өзі көрмеген, білмеген болып шықты. «Шіркін-ай, осындай мұраға да ие бола алмайтынымыз-ай», деген өкініш кеудені қысқан.

- Сейітжан, сен ізіне түс, тапсаңшы, - деп өтіне беремін жолдастан.

Биыл, 2009 жылы Едіге батыр мазарының жайы туралы мәселе көтеріп, Ұлытауға тағы бардым.

- Кәмеке, Абылайдың «Алты ағашы» табылды. Сізге де біреуін жасатып қойдым, - деп Сейітжан жарқырай күліп қарсы алды.

Әйтеуір, біреуден «Алты ағаштың» сынығын тауыпты. Соған қарап құрастырып, музейге әлденешеуін қойғызыпты. Мектеп оқушыларын музейге шақырып, Абылайдың «Алты ағашын» көрсетіп, қыр-сырын таныстырып, аңызына да қанық етсе керек.

Сөйтіп, Абылай бабамызды қапастан құтқаруға себепші болған қыры да, сыры да мол «Алты ағашпен» жарты ғасырдан артық уақыттан соң көрістім.

Үйімнің төрінде тұрған Абылайдың «Алты ағашына» жарты ғасырдан артық уақыттан соң күніне бір қарап қоямын да, тағдыры талайға толы қазақ елінің тарихын көз алдыма елестетемін.

Алла халқымның шаңырағын биік етсін!

**Кәмел кажы ЖҮНІСТЕГІ,
жазушы.**

СУРЕТТЕ: Абылайдың «Алты ағашы».

ШЕТ ауданы.